

ШӘКІРТТЕРІНІҢ ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНГЕН ҰСТАЗ

Мұғалім...

Бір кезде арабтан қазаққа көшкен осы бір аяулы атау құлағымызға жылы естілуші еді. Ол кезде «Мұғалім» деген – ең қадірлі есім, ең қасиетті сөз еді. Қоғам оған өте зәру еді. Бүкіл бір ұлыс пен ұлт, ұрпақтың көзін ашып, көңілін ояту тек соның ғана маңдайына жазылған еді.

Көз алдыма Мәкен мұғалім, Қапан мұғалім, Күлмайра мұғалім, Төлтай мұғалімдер елестейді...

Бірнеше буынның ұлағатты ұстазы болған алаштың ару қызы Ләззат Бәйішова – сол мұғалімдердің бірі нәм бірегейі.

Қарағандымен бірге жасап, бірге жасанған адам – ол. Бүкіл ғұмыры осында өтті. Бүгін ол қандай ойда отыр екен? Бір кезде өзі дәріс тыңдаған ұлы Мұхтар Әуезовтің ақ маңдайы жарқырап, аудиторияға кіріп

келе жатқан кезі көз алдына елестеп, төрінде алаш арыстарының орны үңірейіп тұрған азалы елін көріп, көңілі күпті болып отыр ма? Атам қазаққа «Алашорда» мен Азаттық – егіз ұғым еді ғой. «Алашорда» тақтан түскен күні Қазақ аттан түсті: әлі күнге дейін бодандықтан ерқашты болып, көрінгенге көзтүрткі болып келеді.

Әлде қазақ әдебиеті мен орыс, әлем әдебиетінің тереңінде жүзген қарт ұстаз Чеховтің Горькийге айтқан сөздерін ой



таразысынан өткізіп, алаң ойда отыр ма екен: «Шіркін-ай! – демеп пе еді ол бір кезде ормандай орыс жұртына қинала мұң шағып, – орыс деревнясына ақылды, білімдар мұғалімнің қаншалықты қажет екенін сіздер білесіздер ме?! Ресейдегі деревня мұғалімдеріне ерекше жағдай жасау керек! Ел-жұрты жан-жақты білім ала алмаған мемлекет жаман кірпіштен қаланған үйшік сынды тас-талқан болатынын ескерсек, оған бүгіннен бастап қам жасауымыз керек! «Мұғалім» деген – өз ісін жанындай жақсы көретін артист немесе суреткер сынды болмас па? Ал бізде ол – қайдағы бір қара жұмысшы секілді жөні түзу білім алмаған біреу; деревня балаларын оқытуға бейне бір жер ауып барған кісідей сыңай танытады. Ол аш! Еңсесі түскен пенде... «Күні ертең бір үзім нансыз қалам ба?» деген үреймен күн кешіп жүр. Ал, шын мәнінде, мұғалім деревнядағы маңдайалды тұлға болуға тиісті, елдің көкейкесті сауалдарына жауап қайтара алатын ұстаздың бойынан басқа жұрт ерекше күш-қуатты сезініп, оған айрықша



